

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 326

"Asia House Ltd" және "Eisenberg Export Company Ltd" компанияларының Қазақстан Республикасына талап қоюы бойынша қозғалған N 038/1997 іс бойынша және "Universal supply Company Inc." компаниясының Қазақстан Республикасына талап қоюы бойынша қозғалған N 039/1997 іс бойынша Стокгольм қаласындағы Сауда Палатасының Төрелік институтындағы төрелік талқылаудың жүргізілуі мақсатында:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Әділет министрлігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қоры есебінен төрелік талқылауға байланысты шығыстарды қамтамасыз ету ретінде, Стокгольм қаласындағы Сауда Палатасының Төрелік институтының төрелік трибуналына төлем жасауды жүзеге асыру үшін 350 (үш жүз елу) мың швед кронына баламды сома бөлсін.

Премьер-Министрдің
міндетін атқарушы